

Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген  
нормативтік құқықтық актілері

**Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 «Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 144 шешімі.  
Байғанин аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 27 наурыздағы № 3-4-160 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 «Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4821 санымен тіркелген, 2016 жылғы 1 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

«1. Жалпы ережелер» тарауында:

7 тармақта:

«Отбасы күні – қыркүйектің екінші жексенбісі» сөздері алынып тасталсын;

«2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері» тарауында:

8 тармақта:

3) тармақшасында:

«және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы алатындарға» сөздері алынып тасталсын;

12 тармақта:

7) тармақша алынып тасталсын.

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық  
мәслихатының сессия  
төрағасы**

**Байғанин аудандық  
мәслихатының  
хатшысы**

**К. Табынбаева**

**Б. Турлыбаев**

«КЕЛІСІЛДІ»

Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды  
үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар  
басқармасының басшысы \_\_\_\_\_ К. Утаров

